

## Үндеу

Құрметті әріптестер!

Мұнай және газ өндірудің ортақ мақсатына жетуде Компанияның басты құндылығы – жұмысшылардың қауіпсіздігі және отбасымыздың амандығы.

Өндірістік тәртіп пен еңбек қауіпсіздігінің ағымдағы жай-күйі - қызметтер арасындағы сапалы өзара әрекеттестігі мен қызметкерлердің кәсіби біліктілігінің нәтижесі болып табылады.

Біз өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау мәдениетін үнемі жетілдіріп отырамыз. Сіздің жеке үлгіңіз, әріптестердің өмірі мен денсаулығының маңыздылығын түсіне білуіңіз – Қазгермұнайдың жетістігіне баға жетпес үлес болып табылады.

Мен Сіздерге үндеу жолдай отырып, ҚазМұнайГаз Ұлттық компаниясының мақсаттарына ынтымақ танытып, Сіздерді:

- «Өмірлік маңызды ережелерді» сақтауға
- «Қазгермұнай» компаниясының өндірісі мен мүлкіне ұқыптылықпен қарауға
- жарақаттану мен оқиғалардың нөлдік көрсеткішіне жетуге ұмтылу
- «Қорғау» бақылау карталарын толтыруға
- барлық оқиғалар туралы басшыны уақтылы хабардар етуге шақырамын.

Әрқайсымыздың саналы түрде қатысуымыз нормалар мен ережелер жинағын жақсы күнделікті әдеттер мен қасиеттерге айналдыруға мүмкіндік береді.

Күннен күнге ортақ өндірістік міндеттерді бірге орындап келе жатқан «Қазгермұнай» бизнес-серіктестері мен қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығынан артық маңызды ештеңе жоқ.

Есіңізде болсын, Сізді үйде жақындарыңыз күтуде!

Бас директор



Ізмұханбет Ринат Нұрғожаұлы

Бас директордың  
бірінші орынбасары



Лю Шаою